

**Хаттама №5**

**Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырысты  
орналастыру жөніндегі алдын ала комиссиялық отырыс**

Қосшы қаласы  
Білім бөлімі

26 тамыз 2022 жыл

**Ахметов Қ.Е.** – «Ақмола облысы білім басқармасының Қосшы қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы

**Комиссия мүшелері:**

**Қанапиянов А.Ж.** – «Аманат» партиясы Целиноград аудандық филиал төрағасының бірінші орынбасары;

**Ибраев Б.М.** – Қосшы қаласының маслихатының депутаты;

**Көңбай А.** – «Қосшы қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» басшысы;

**Айтжанова А.Д.** – Ақмола облысы Кәсіпкерлер Палатасының Қосшы қаласындағы филиалының директоры;

**Утегенова Ш.К.** – «Мектепке дейінгі ұйымдардың Қазақстандық Қауымдастығы» ЖТМЗТБ Ақмола облысы бойынша филиалының директоры.

**Алкенова С.Ж.** – «Ақмола облысы білім басқармасының Қосшы қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бас есепшісі

**Комиссия хатшысы Мейрманова Г.К.** – «Ақмола облысы білім басқармасының Қосшы қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мектепке дейінгі мекеме әдіскері

**Қарауға жіберілген өтініштер:**

1. ЖШС «Балдаурен - Сан», «Балдәурен» балабақшасы;
2. ЖШС «Jumazhan», «Ботақан» балабақшасы;
3. ЖШС «Ануар 2008», «Ануар» балабақшасы;
4. ЖШС «Астана-Намысы», «Балғын» балабақшасы;
5. ЖШС «Сағыныш и Тулина», «AiZag» балабақшасы;
6. ЖШС «GS Group Astana», «Арна» балабақшасы;
7. ЖШС «Baldirgan - 2022», «Балдырған» балабақшасы;
8. ЖШС «Береке - 2019», «Бал-бала» балабақшасы;
9. ЖШС «Ailana Group», «Айлана» балабақшасы;

**Келесі конкурстық өтінімдер Ереженің талаптарына сәйкес келмейді:**

1. ЖШС «Балдаурен - Сан», «Балдәурен» балабақшасы  
Ұсынылған құжаттар нысан бойынша Қағидалардың 1-тараудың 1-қосымшаға сәйкес өтініш қабылданбайды: Комиссия төрағасының аты-жөні мен өтініштің күні, айы көрсетілмеген.


2. ЖШС «Jumazhan», «Ботақан» балабақшасы  
Ұсынылған құжаттар нысан бойынша Қағидалардың 1)-7) тармақшалары мен 2-тарауға сәйкес өтініш қабылданбайды: берілген құжаттар толық тігілмеген, нөмірленбеген, құрылтайшының қолтаңбасымен мақұлданбаған, мөрмен расталған түрінде ұсынылмаған және заңды тұлғаның банктен берешегінің жоқ екені туралы анықтамасы жоқ.
3. ЖШС «Ануар 2008», «Ануар» балабақшасы  
Ұсынылған құжаттар нысан бойынша Қағидалардың 2,3-тарауларға сәйкес өтініш қабылданбайды: заңды тұлғаның банктен берешегінің жоқ екені туралы анықтамасының түп нұсқасы жоқ. Жалға алып отырған нысанның мекен-жайы келісім шартындағы мекен-жаймен сәйкес келмейді. Құжаттарды түзетіп қалыпқа келтірілуі керек.
4. ЖШС «Астана-Намысы», «Балғын» балабақшасы  
Ұсынылған құжаттар нысан бойынша Қағидалардың 1)-7) тармақшалары мен 1, 2, 4, 6-тарауларға сәйкес өтініш қабылданбайды: ұсынылған құжаттар толық тігілмеген, нөмірленбеген, құрылтайшының қолтаңбасымен мақұлданбаған, мөрмен расталған түрінде ұсынылмаған, өтініш 1-қосымшаға сәйкес емес, заңды тұлғаның банктен берешегінің жоқ екені туралы анықтамасы мен санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы және 2-қосымшаға сәйкес жеткізушінің міндеттемесі жоқ.
5. ЖШС «GS Group Astana», «Арна» балабақшасы  
Ұсынылған құжаттар нысан бойынша Қағидалардың 6 - тарауға сәйкес өтініш қабылданбайды: Медициналық кабинетке емханамен жасалған қызмет көрсету туралы шартының аяқталу мерзімінің күні мен айы, жылы сәйкес келмейді. (04.11.21ж-2020 жылдың желтоқсанымен аяқталады)
6. ЖШС «Baldirgan - 2022», «Балдырған» балабақшасы  
Ұсынылған құжаттар нысан бойынша Қағидалардың 1)-7) тармақшалары мен 1, 2, 3 - тарауларға сәйкес өтініш қабылданбайды: ұсынылған құжаттар нөмірленбеген, заңды тұлғаның банктен берешегінің жоқ екені туралы анықтамасы жоқ, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары үшін қолданылатын жылжымайтын мүліктің объектісіне техникалық паспорт көшірмесі салынбаған.
7. ЖШС «Береке - 2019», «Бал-бала» балабақшасы  
Ұсынылған құжаттар нысан бойынша Қағидалардың 1)-7) тармақшалары мен 1, 2, 6 - тарауларға сәйкес өтініш қабылданбайды: ұсынылған құжаттар толық тігілмеген, нөмірленбеген, құрылтайшының қолтаңбасымен мақұлданбаған, мөрмен расталған түрінде ұсынылмаған, өтініштің күні, айы, жылы көрсетілмеген және заңды тұлғаның банктен берешегінің жоқ екені туралы анықтамасының түп нұсқасы жоқ және 2-қосымшаға сәйкес жеткізушінің міндеттемесінің айы, күні, жылы жазылмаған.


8. ЖШС «Ailana Group», «Айлана» балабақшасы  
Ұсынылған құжаттар нысан бойынша Қағидалардың  
3 - тарауға сәйкес өтініш қабылданбайды: 2022 жылғы 01 ақпанда  
жасалынған арендалық келісім-шарттың мекен-жайындағы село Қосшы  
сөзін Қосшы қаласы деп ауыстырылсын.

2022 жылғы 5 қыркүйек 13:00-ге дейін конкурстық құжаттаманың  
талаптарына сәйкес құжаттарды қайта тапсыру.

**Келесі конкурстық өтінімдер конкурстық құжаттаманың және Ереженің  
талаптарына сәйкес келеді.**

ЖШС «Сағыныш и Тулина», «AiZar» балабақшасы

Комиссия төрағасы:  Ахметов Қ.Е.


Комиссия мүшелері:  Қанапиянов А.Ж.

Ибраев Б.М

Көңбай А.

Айтжанова А.Д.

Утегенова Ш.К.

Комиссия хатшысы  Мейрманова Г.К.